



БЕКІТЕМІН

**«Қарағанды облысының
білім беруді дамытудың оқу-
әдістемелік орталығы»
КМҚК басшысы**

Б. Абдикерова

«26» 08 2024 жыл

«Тарих» және «География» пәндері бойынша бейнесабактар облыстық байқау ЕРЕЖЕ

I. БАЙҚАУДЫҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1.1. Осы ереже «Тарих» және «География» пәндері бойынша бейнесабактар облыстық байқауының мақсаттарын, міндеттерін, ұйымдастыру тәртібін, өткізу шарттарын, оның қатысушыларына қойылатын талаптарды, бағалау өлшемшарттарын, қорытындыларды шығару және жеңімпаздарды марапаттау тәртібін айқындайды.

1.2. Байқау Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының 2024-2025 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес өткізіледі.

II. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Мақсаты:

Тарих және география пәні мұғалімдерінің инновациялық, педагогикалық тәжірибесін дамыту және бағалау, және бейнесабактарды оқыту сапасын арттыру.

2.2. Міндеттері:

- қашықтықтан оқыту жағдайында әдістемелік қолдауды ұйымдастыру;
- білім беру процесінде ең үздік бейнесабактардың мәліметтер базасын қалыптастыру;
- құндылыққа бағытталған оқытуды пайдалану.

III. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ МЕН ШАРТТАРЫ

3.1.1. Мазмұны:

- Байқау жұмыс мазмұнының облыстық конкурс ережесіне сәйкестігі;
- ҚР МЖМБС, оқу бағдарламаларына сәйкестігі.

3.1.2. Бейнематериалдардың техникалық сипаттамалары:

- ең аз өлшем (720x480) арақатынасы(16:9);
- формат *.mp4.;
- бейнематериалдардың уақыт кестесі 10 және 30 минуттан бастап.

3.1.3. Аудио және бейне контент өндірушілерінің авторлық құқығын сақтау.

IV. БАЙҚАУДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

- мәлімделген тақырыпқа сәйкестігі;
- сабақтың тақырыбын ашудың толықтығы;
- жасанды интеллектті қолдану;
- құндылыққа бағытталған оқытуды дамытуға арналған тапсырмаларды қолдану;
- цифрлық ресурстарды пайдалану;
- сабақтың сапасы;
- конкурстық материалдың мазмұны (жұмыс көлемі, қосымшалардың болуы);
- дизайн және түсірілім сапасы;
- өзіндік ерекшелігі;
- шығармашылық даралықтың көрінісі;
- болашақта материалды кеңінен қолдану мүмкіндігі;
- «География» пәні бойынша сабақ электрондық географиялық карталарды пайдалану мүмкіндігі.

V. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ

5.1 Байқауға ведомстволық тиесілігіне, меншік түріне және нысанына қарамастан білім беру ұйымдарының тарих және география мұғалімдері қатыса алады.

5.2. Байқауға ұжымдық жұмыстар қабылданбайды.

5.3. Байқауға өтінімді және бейне-сабаққа сілтемені электрондық мекенжайға жіберу umc-ro@umckrg.gov.kz.

YouTube арнасына сілтемені көрсете отырып.

5.4. Байқауға қатысушылардан ұсынылған бейнематериалдардың саны біреуден аспайды. Әрбір бейнематериалға облыстық байқауға қатысуға өтінімді толтыру қажет (1-қосымша).

VI. ӨТКІЗУ ОРНЫ МЕН ШАРТТАРЫ

Байқау үш кезеңде өткізіледі:

6.1. Бірінші кезең аймақтық-қалалық / аудандық білім бөлімдері өткізеді (2024 жылғы 7-31 қазан аралығында) өткізу қажет.

6.2. Екінші кезең облыстық (ақтық кезең) - Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы өткізеді (2024 жылғы 4-15 қараша аралығында) өткізіледі.

6.3. Байқаудың III кезеңінің жеңімпаздары дипломдармен, ал қатысушылар сертификат беріледі.

6.4. Жеңімпаздарды марапаттау 2024 жылдың 15 қарашасында өтеді.

ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ
облыстық бейне-сабақтар байқауы

	Бейне сабақ авторына мәліметтер	
1	Тегі Аты Әкесінің аты (толық)	
2	Қала / аудан	
3	Пәні	
4	Оқыту тілі	
5	Сынып, Сабақ тақырыбы	
6	YouTube арнасындағы сілтеме	
7	Электрондық пошта	
8	Байланыс телефоны	